Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

29 | ҚАЗАН БЕЙСЕНБІ | 2015 жыл №163 (19051) | ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ | www.syrboyi.kz

● ПРЕЗИДЕНТ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев елімізге ресми сапармен келген Жапония Премьер-министрі Синдзо Абэмен кездесті. Кездесу барысында Нұрсұлтан Назарбаев С.Абэні Премьер-министр лауазымына қайта сайлануымен құттықтап, қазіргідей әлемдік экономикадағы күрделі ахуал кезеңінде қызметінің табысты болуына тілектестік білдірді.

БІРЛЕСКЕН ЖОБАЛАР ЖАЛҒАСА БЕРЕДІ

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Жапонияны көп нәрсе байланыстыратынын атап өтті.

Елбасы Астана құрылысы жапон архитекторы К.Куракаваның бас жоспары бойынша, ал елордадағы жаңа халықаралық университетті дамыту Жапония өкілі – ректор Ш.Катсудың басшылығымен жүзеге асырылып келе жатқанын айтты. Сонымен қатар, Нұрсұлтан Назарбаев қазақ-жапон қарым-қатынастарын дамыту мәселелеріне де тоқталды.

– Біздің елдеріміз арасында экономикалық тұрғыдан да, саясат саласында да келіспеушілік жоқ. Қазақстан Сіздің елмен барлық бағыт бойынша ынтымақтасуға ниетті. Сіздің Орталық Азия елдеріне сапарыңыз маңызды әрі дер кезінде жасалып отыр. Біз өзара іс-қимылдың «Жапония – Орталық Азия» форматын қолдаймыз және оны қажет деп санаймыз, – деді Қазақстан Президенті.

С.Абэ қонақжайлық пен ілтипатты қабылдау үшін Қазақстан тарапына алғыс айтты.

– Менің бұл сапарым Жапония Премьер-министрлерінің соңғы 9 жылдағы бірінші сапары болып отыр. Бұрын біз түрлі халықаралық шараларда үш рет кездестік, бұл – біздің төртінші кездесуіміз. Осындай тығыз байланыстар арқылы қарым-қатынастарымызды белсенді түрде дамытып отырғанымыз мені аса қуантады, – деді С.Абэ.

Осыдан кейін Жапон Премьер-министрі С.Абэнің Қазақстанға ресми сапары аясында кеңейтілген құрамда келіссөздер өтті.

Мемлекет басшысы келіссөздер барысында С.Абэнің Астанаға алғашқы ресми сапары Қазақстан мен Жапония қарым-қатынасын жаңа сапалы деңгейге шығару үшін қуатты серпін беретініне сенім білдірді.

Елбасы өз сөзінде екі елдің сауда-экономикалық даму және инвестициялық өзара ықпалдастық көрсеткіштеріне де тоқталды.

2013-2014 жылдарда елдеріміз арасындағы тауар айналымы 2 миллиард доллар болды. Ал 2015 жылдың бірінші жартысында бұл көрсеткіш 600 миллион долларға жетті. 10 жылда Қазақстанға келген жапон инвестициясының көлемі шамамен 5 миллиард доллардай болады. Сонымен қатар, Жапония ресми

көмек ретінде Қазақстанға 1,2 миллиард доллар берді. Елімізде бірқатар ірі компаниялар белсене жұмыс істеуде. Бүгінде 50 бірлескен кәсіпорын тіркелген, құны 700 миллион доллардан асатын 6 бірлескен жоба іске асырылды. Дәл осы сома мөлшерінде тағы 10 жоба қарқынды ілгерілету сатысында тұр.

С.Абэ екіжақты сауда-экономикалық қарым-қатынастардың құқықтық базасын нығайту, сондай-ақ Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі ірі инвестициялық бірлескен жобаларды жүзеге асыру үшін, жалпы ынтымақтастық үшін мүмкіндіктер аясын едәуір кеңейтетінін атап өтті.

Келіссөзден кейінгі бірлескен брифингте Елбасы екі ел делегациялары арасындағы келіссөздер достық пен өзара түсіністік негізінде өткенін айтты.

Нұрсұлтан Назарбаев инвестициялық ынтымақтастықты одан әрі дамыту, соның ішінде бірлескен кәсіпорындар құру және бірлескен жобаларды жүзеге асыру перспективаларына да назар аударды.

Жапония Премьер-министрі Қазақстанның әлемдік істер саласында, әсіресе ядролық қару таратпау ісінде маңызды орын алып, өңір экономикасындағы көшбасы болып отырғанын атап өтті.

Осыдан кейін Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Жапония Премьер-министрі С.Абэмен бірге Астананың көрнекті орындарын аралап, қазақ-жапон бизнес форумына қатысты.

● ИГІЛІК

АРАЛДЫҚТАР АЛАУ ЖАҚТЫ

БІР АЙДА 4 АУДАН ОРТАЛЫҒЫ КӨГІЛДІР ОТЫНҒА ҚОСЫЛДЫ

Сәрсенбі күні Арал ауданының орталығы көгілдір отынға қосылды. Автоматтандырылған газ тарату станциясын іске қосу рәсіміне Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Көшербаев және «ҚазТрансГаз» АҚ бас директоры Қайрат Шәріпбаев қатысты.

Қызылорда облысы әкімдігі мен «ҚазТрансГаз» АҚ арасында былтыр жасалған меморандумға сәйкес, Жаңақорған, Шиелі, Әйтеке би кенттері мен Арал, Байқоңыр қаласын газдандыруға қажетті қаражат бөлінген. Ал қалған аудан орталықтары келесі жылы газбен қамтылатын болады. Ол жұмыстарға қаржы Еуропалық қайта құру және Даму Банкі инвестициясы есебінен тартылады. Сол кезде облыс халқының 85 пайызға жуығы көгілдір отынға қол жеткізеді.

Арал қаласын газдандыру биыл мамыр айында басталып, газбен жабдықтау жүйесі мерзімінен екі ай бұрын пайдалануға беріліп отыр. Аудан орталығында 293 шақырым қалаішілік газ құбыры салынды. Екі газ тарату пункті, 36 шқафтық газ тарату пункті орнатылды. Енді 32 мың қала тұрғыны, 143 коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорын табиғи газды пайдалануға мүмкіндік алды. Жаңадан іске қосылған «Арал» газ тарату станциясы өзге де елді мекендерді көгілдір отынмен қамтамасыз етуге жеткілікті болғандықтан, алдағы уақытта Жақсықылыш, Шижаға ауылдарына да құбыр жүргізу жоспарда бар.

– Алдымен баршаңызға Елбасының ыстық сәлемін жеткізейін. Мемлекет басшысы өңірде жүзеге асырылып жатқан серпінді жобалар мен игі істерге жоғары бағасын берді. Бұл сындарлы кезеңнің өзінде сыр бермейтін Сыр еліне деген Елбасының сенімі, әрқашанда Елбасыға қолдау болған халқымыздың тілегі деп білемін. Бүгін Сексеуіл кентінің тұрғындары жаңа емхана мен мәдениет үйіне қол жеткізсе, бұл қуаныш көгілдір отынның қосылуымен жалғасып жатыр. «ҚазТрансГаз» Ұлттық компаниясы нағыз халықтық компанияға айналып отыр. Соның арқасында халықтың тұрмысы түзеліп, әлеуметтік жағдайы артатын болады. Қуаныштарыңыз құтты болсын, – деді облыс әкімі Қ.Көшербаев.

– Бүгін Қызылорда облысында көгілдір отынға төртінші аудан қосылып отыр. Бұл бастама жалғасын тауып, келер жылы қалған аудандарды да газдандырамыз. Біздің компания әлеуметтік жауапкершілікті жоғары қояды. Барлық жұмысты сапалы әрі мерзімінен ерте аяқтап отырмыз, – деді «ҚазТрансГаз» АҚ бас директоры Қайрат Шәріпбаев.

Аудан орталығында газды жеке үйлер мен әлеуметтік нысандарға газ тарту жұмыстары қызу жүріп жатыр. Арал қаласында алғашқылардың бірі болып үйіне көгілдір отынды кіргізген Берсүгіровтер отбасы. Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев пен «ҚазТрансГаз» АҚ бас директоры Қайрат Шәріпбаев осы шаңырақта болды. Үй иесі Хұсайын Берсүгіров Арал көпсалалы колледжінде мұғалім болып қызмет атқарады екен. Екі ұл, үш қыз тәрбиелеп өсіруде. Олардың қуанышында шек жоқ. Талай жылғы армандары орындалғанына риза. Ал оның анасы Аққүріш апа 56 жыл бойы от жағып, күл шығарғанын айтады. Енді балалары мен келіндерінің сол бейнеттен құтылғанына қуанышты.

– Газ келді, үйге жаз келді деген осы. Асылық айтудан аулақпын, от жағу, көмір тасу бейнетінен арылдық. Елбасының, ел азаматтарының еңбегінің арқасында тұрмысымыз жеңілденді. Қиыншылықтың бәрі артта қалды, – дейді қария.

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев пен «ҚазТрансГаз» АҚ бас директоры Қайрат Шәріпбаев «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» транзиттік көлік дәлізінің бойында салынып жатқан «В» санатты жол бойы сервистік қызмет көрсету орталығының жұмысымен танысты. Жеке кәсіпкер Берік Жандәулетов «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы арқылы 60 миллион теңге несие алып, оған қосымша өз қаражаты есебінен құрылысты жүргізуде.

– Кешен екі қабаттан тұрады. 21 орынға арналған қонақ үй, әр бөлмеде жуынатын орын мен дәретхана орналастырылған, сонымен қатар дәрігерлік бекет те бар. Асхана, сауда дүкені, қосалқы автобөлшек дүкенін салып жатырмыз. Бұдан басқа, шұбат, қымыз секілді сусындар мен ұлттық тағамдар сатуға арналған киіз үй тігіледі. Жанар май құю бекеті мен көлік жуу және автокөлікке арналған сервистік қызмет көрсету орталығы да бар. Кешен алдындағы автотұраққа 30 жеңіл автокөлік пен 20 жүк көлігі сыйып кетеді, – дейді Берік Жандәулетов.

Жалпы, Арал ауданы әлеуметтік-экономикалық тұрғыда серпінді дамып келеді. Оның үстіне, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай», «Сексеуіл – Жезқазған» сияқты ауқымды жобалар іске асуда.

● ЕЛ ЕСІНДЕГІ ЕСІМДЕР

ХАЛҚЫНА ҚАЛТҚЫСЫЗ ҚЫЗМЕТ ЕТКЕН

Кеше дарынды балаларға арналған №4 мектеп-интернаттың алдында орнатылған мемлекет қайраткері, Социалистік Еңбек ері Еркін Әуелбековтің бюстінің ашылу салтанаты болып өтті. Оған қайраткердің туған-туыстары мен қызметтестері қатысты.

– Еркін Нұржанұлының халыққа еткен қызметі, әсіресе Сыр еліне жасаған қамқорлығы әр кез ел есінде, – деді облыс әкімінің орынбасары Рауан Кенжеханұлы шараның ашылу салтанатында. – Мемлекеттік және қоғамдық істің үлкен ұйымдастырушысы, халқын сүйген қайраткер Е.Әуелбековтің асыл бейнесі онымен бірге қызмет еткендердің жадында жаңғырып тұрары даусыз.

1930 жылы өмірге келіп, ауыл мектебін бітірген Еркін Әуелбеков Тимирязев атындағы ауыл шаруашылығы академиясын ойдағыдай тәмамдайды. Өзінің алғашқы еңбек жолын машина-трактор шеберханасында бас агроном, шаруашылық директоры болып бастайды. Халық депутаттары Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары, төрағасы, осы облыстағы партия ұйымының екінші хатшысы, Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы министрінің бірінші орынбасары, Көкшетау және Торғай облыстық партия комитеттерінің бірінші хатшысы болған Еркін Әуелбеков 1985 жылдан бастап Қызылорда облыстық партия комитетін басқарды. Бұл кезең Сыр бойы халқының есінде қалды. Олар Еркін Нұржанұлының қара қылды қақ жарған әділдігін, қарапайым еңбек адамдарына жасаған қамқорлығын, ауыл еңбеккерлеріне көрсеткен көмегін ұмытпақ емес. Облыс басшылығында үш жыл ғана отырса да Е.Әуелбеков көпшіліктің ыстық ілтипаты мен құрметіне бөлене білді. Бұдан кейін КСРО Жоғарғы Кеңесіндегі жауапты қызметінде Сыр еліне өзінің қамқорлығын көрсетуден аянбады. Елін сүйген тұлғаға қандай құрмет көрсетілсе де лайықты.

Салтанатты жиында сөз алған Арқалық қалалық мәслихатының депутаты Қаратай Нұрманов, еңбек ардагері Дариға Ақмағанбетова және Еркін Нұржанұлының өмірлік жары Күлше Оспанқызы халқына жақын болған қайраткердің өмір жолы мен атқарған қызметі, адами қасиеттері жайында тартымды әңгіме өрбітті.

2-бет

КЕНТТЕГІ ҚОС ҚУАНЫШ

Арал ауданына қарасты Сексеуіл кентінің тұрғындары қос қуанышқа кенелді. Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев пен «ҚазТрансГаз» АҚ бас директоры Қайрат Шәріпбаев кенттегі жаңа емхана мен ауылдық клубтың ашылуына қатысты.

Соңғы жылдары Сексеуілде серпінді істердің қатары артқан. Кент – тоғыз жолдың торабындағы елді мекен. Облыстағы тіректі елді мекеннің бірі ретінде өткен жылы 405 млн теңге қаржы бөлініп, 2 мектеп, 1 балабақша жөндеуден өтті, ұзындығы 8 шақырым болатын 7 көше асфальтталды.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қолдауымен елімізде жалпы ұзындығы 988 шақырымды құрайтын ғасыр жобасы «Бейнеу-Жезқазған» теміржолының құрылысы басталып, былтырғы жылы пайдалануға берілді.

Осы жобаның Сексеуіл станса-сы арқылы өтетін бөлігінде 5 бекет, 1 станса және 2 пәтерлік 38 тұрғын үй құрылыстары жүргізілуде. Осы жоба аясында кенттің 200-ге жуық тұрғыны жұмыспен қамтылды.

Енді, міне, 10 мыңнан астам халқы бар кент тұрғындарына арналған жаңа емхана ашылып отыр. Емхана құрылысы мен құрал-жабдықтары заманауи талапқа сай. Ауысымына 100 келушіге арналған емханаңның құрылысына 248 млн теңге қаржы жұмсалған.

– Халқымыз қашаннан «Бірінші байлық – денсаулық» деп денсаулықты дүниедегі байлық атаулының барлығынан жоғары қойғаны белгілі. Дені сау ұлт қана бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіруді мақсат еткен Мәңгілік елімізді дамытуға қабілетті бола алады. Жаңа емханаңның ақ халатты абзал жандары келушілерге сапалы қызмет көрсетеді деп сенеміз. Қуаныштарыңыз құтты болсын, – деді облыс әкімі Қ.Көшербаев.

Жалпы «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында облысымызда денсаулық сақтау саласы жылдан-жылға жақсара түсті. Арнайы «Жол картасы» қабылданып, материалдық-техникалық база нығайтылып, облыс тұрғындарының денсаулық көрсеткіштері едәуір жақсарды. Соңғы 2 жылда облыста 35 медициналық нысан пайдалануға берілген. Осы Арал ауданының Аралқұм, Қарақұм, Қамыстыбас елді мекендерінде жаңа дәрігерлік амбулаториялар іске қосылды.

Сонымен қатар, соңғы үш жылдың көлемінде облыста 19 ауылдық клуб пен 2 музей пайдалануға берілді. Сондай жаңа нысанның бірі Сексеуіл кентінде ашылып отыр. Қонақтар мәдениет ошағының ашылу салтанатына қатысып, тұрғындардың қуанышымен бөлісті.

– Мұндай клубтың ашылуы ауылдың ажарын кіргізіп, өнерге серпіліс береді. Енді ауыл азаматтарының рухани демалып, мәдени шаралар ұйымдастыруына барлық жағдай жасалып отыр. Тек соны тиімді пайдаланып, рухани құндылықтарымызды арттыруға атсалысуларыңыз қажет. Заманауи үлгідегі жаңа клубы бар ауылдан Сыр елінің мерей-мәртебесін асқақтатар талай талантты ұл-қыздардың өсіп-жетілеріне сенімім мол, – деген облыс әкімі Қ.Көшербаев сексеуілдіктерді тағы бір қуанышты жаңалық күтіп тұрғанын айтты. «Келер жылы кентке газ құбыры тартылатын болады» деген аймақ басшысының сөзі тұрғындарды бір серпілтіп тастады.

Бұл ауылда өнерлі өрендер көп. Сондай жастардың бірі Нұрболат Сейітқалиұлы жаңа мәдениет ошағына меңгеруші болып тағайындалған. Ол жақында Түркияда өткен халықаралық «Грация-Түркия» байқауында I орынды иеленіпті. Қазіргі таңда өзі де жергілікті өнерпаздарды баулуда.

– Жаңа клубтың ашылғанына ризамыз. Енді мұнда тәлім алатын өрендер жоғары белестерді бағындырары сөзсіз, – дейді Нұрболат.

Ал, ардагер Жақсылық Сүйінғараев сексеуілдіктердің көптен күтіп жүрген арманы орындалғанын жеткізді.

– Бір күнде екі бірдей ғимарат пайдалануға беріліп отыр. Мұндай игі істер мұнымен тоқтап қалмаса дейміз. Аудан орталығына газ келіп жатыр, темір жол саласы дамуда. Жаңа жұмыс орындары ашылып, халықтың жағдайы жақсара береді деген сенімдеміз. Соған барлығымыз тілекші болайық, бірлікте болайық, – деді қария.

Дәурен ОМАРОВ,
Бағдат ЕСЖАНОВ (сурет).

МОЛШЫЛЫҚ МЕРЕКЕСІ

Қазалыдағы «Алтын күз» мерекесі ерекше сән-салтанатымен көпшілікті риза етті. Салтанатты шара ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесімен басталды. Орталық көшелердегі қаз-қатар қойылған сауда сөрелері, жүк көліктерінен көзің сүрінеді. Саудаға шығарылған бағасы көңілге қонымды тұтыну бұйымдары, ауыл шаруашылығы өнімдері, азық-түлік, басқа да заттар әп-сәтте иесін тауып жатты.

Алғашқылардың қатарында Жанқожа батыр ауылынан келген азаматтар назарға ілікті. Округ әкімі Қайрақбай Орынбасаровтың айтуынша, елді мекеннен жеткізілген бау пішен, отынға сұраныс жоғары болыпты. Көпшіліктің көңілінен табылған батыр баба ұрпақтарының еңбегіне табыс тілеп, алға жылжыдық. Ақтан батыр ауылындағы «Сыр маржаны» ЖШС есімі көпшілікке жақсы танымал. Серіктестік директорының орынбасары Ғабит Бәймішовтен жәрмеңкеге әкелінген биылғы орылған күріштің кідіріссіз өтіп кеткенін білдік. Сондай-ақ Қожабақыдан келген картоп, күріш, Бекарыстан би ауылының көкөнісі жұртшылықтың талғамынан шықты. Самұрат Имандосов басшылық жасайтын «Рза» АҚ-ның атағы баршаға мәлім. Қашанда ел ықыласына бөленіп жүрген қоғамның ортақ мүддеден қалыс қалған сәті жоқ. Бұл жолы да солай болды. Кәсіпорын саудаға шығарған сүт өнімдері жанында кісі қарасының молдығын аңғардық.

Мұнан соң рәсім аудандық оқушылар үйінің ауласындағы «Қазалы өнімдері» атты көрме-жәрмеңкеге ұласты. Атына заты келіскен көрмеде жаныңызға қажеттінің бәрі бар. Әрбір қатысушы өзінің шеберлігін, талғам деңгейін паш етуге тырысыпты. Көрмені аралаған ел ағалары, тұрғындар өз ризашылықтарын білдіріп жатты.

Әркімнің еңбегіне қарай марапатталуы заңдылық. Шараның ең салтанатты сәті ұзақ күттірмеді. Егін жинау жұмыстарының қорытындысы, еңбек озаттарын және «Қазалы өнімдері» көрме-жәрмеңкесінің жеңімпаздарын марапаттау барысында Қазалы ауданы әкімі Нажмадин Шамұратов жылы лебізін білдірді. Абыройы асқан жандарға түрлі марапаттар тапсырды.

Шара соңында аудан өнерпаздары концерттік бағдарлама ұсынды. «Наурыз» мейрамханасында еңбек озаттарына арналып дастархан жайылды.

Осылайша Қазалыдағы еңбек мерекесі дүркіреп өтті.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы.

● ҚАЛА КЕЛБЕТІ

ТАЗАЛЫҚ МЕКЕМЕСІНДЕГІ ТЫНЫМСЫЗ ТІРШІЛІК

Тазалық – денсаулық кепілі. Ал ол жеке бас гигиенасынан бөлек қоршаған ортамен де тікелей байланысты. Сондықтан да табиғатты қорғау, айналаны таза ұстау кез келген адамның азаматтық борышы. Алайда, біздің қала тұрғындары оны қаншалықты сезініп жүр? Бұл сауалға тосылып қалатынымыз анық. Себебі көпқабатты үйлердің алдындағы жәшікке баруға ерініп, қоқысты алыстан сыртына лақтыра салатындарды көз көріп жүр. Ал оның бұрыстығын айта қалсаңыз, бар жауапкершілікті қоқыс тазалайтын мекемеге ысыра салатыны тағы бар. Осыдан-ақ қала тазалығымен айналысатындардың бейнетін бағамдай беріңіз. Осындай шырғалаңы көп, жауапкершілігі жоғары жұмысты жүйелеп, ұйымдастыратын «Қызылорда тазалығы» ЖШС директоры Талғат Құлмағанбетовті әңгімеге тартқан едік.

– Талғат Бекмырзаұлы, әңгімемізді «Қызылорда тазалығының» техникалық мүмкіндіктерінен бастасақ. Техникалық базасы жаңа ма?

– «Қызылорда тазалығы» мекемесінің өз жұмысын бастағанына екі жыл болды. Мекеме алғаш құрылғанда соған дейін қала тазалығымен айналысқан «Көркейту» компаниясынан қалған 42 дана техника болатын. Оның бастапқы легі – 2005, соңғысы 2009 жылы әкелінген еді. Ал біздің серіктестік құрыла сала облыс әкімінің қолдауымен 548 млн теңге бөлініп, заман талаптарына сай, соңғы үлгідегі 63 дана техника алып берді. Өткен жылы да облыстық бюджеттен 397 млн теңге қаралып, 12 түрлі қызметтерді атқаратын көлік пен 22 шаңсорғыш алынды.

Бұл техникалардың барлығы соңғы үлгіде жабдықталған. Мәселен, «бақша тракторы» деген көлік тұңғыш рет біздің өңірге 2013 жылы әкелінді. Швециядан шыққан онымен жазда шөп оруға, қыста қар тазалауға болады. Көгалдандыру жұмыстарына, қала тазалығына да пайдаланамыз. Ал қоқыс тазалайтын көліктердің көпшілігі көрші Ресейден әкелінген. Одан өзге жаяу жүргіншілерге арналған жолды тазалайтын арнайы шағын шаңсорғышымыз бар. Ал «ДНК» деген ресейлік құрылғы уақытты да, жұмыс күшін де үнемдеуге мол мүмкіндік берді. Себебі көше бойындағы темір қоршауларды жууға бірнеше адам жұмылатын. Қазір техниканың көмегімен, мәселен, Абай даңғылының бойындағы шарбақтарды екі сағатта жуып шығуға болады.

– Қала тазалығы заманауи құрылғылардан бөлек адам санын да қажет етеді. Жұмыс күші жеткілікті ме?

– Қазіргі таңда штат бойынша 370 адам жұмыс істейді. Жұмыс күші жеткілікті деп те айта алмаймыз. Басым бөлігі – көше тазалайтын жұмысшылар, жүргізушілер, қоқыс тиеушілер, көгалдандырушылар. Олар негізінен қаланың санитарлық тазалығымен, абаттандыру жұмыстарымен айналысады. Соған сай көшедегі талдарды, бордюрлерді және темір қоршауларды, айналма жолдарды, бағаналарды сырлап, әктейді. Сондай-ақ, келісімшарт негізінде тұрмыстық қатты қалдықтарды шығару, кіші және орта бизнес нысандары мен жеке сектордан шыққан қоқыстарды полигонға жеткізу де бізге жүктелген. Әрине, адам санының аздығы сезіледі. Алайда оны көбейту мүмкін болмай тұр. Себебі қаланың санитарлық тазалығына, көркейту, абаттандыру жұмыстарына бөлінетін қаражат көлемі 2010 жылдан бері өзгеріссіз келеді. Қала үлкейді, жұмыс көлемі артты. Ал қалалық бюджеттен бөлінетін қаражат бес жылдан бері 500 млн теңгені құрап отыр. Бұл ақшаны біз коммуналдық шығынға, техникалардың қажетті бөлшектерін алуға, жанар-жағармайға және жұмысшылардың айлық жалақыларына жеткізуіміз қажет.

– Штат саны аздық еткенімен, әсіресе, қыста «Қызылорда тазалығы» техникаларының тынымсыз қоғалысын, жұмысын байқап қаламыз. Жұмысшылардың жұмыс кестесі қандай?

Қоқыс жинаушы көліктердің жұмысы таңғы алтыдан басталып, кешкі жетіге дейін жалғасады. Түскі мезгілде белгіленген үзілістері бар. Осындай тынымсыз еңбектің нәтижесінде полигонға былтыр – 139 376, биылғы он айда 98 мың 257 текше метр қоқыс шығарылды. Ал қыста қар тоқтағанша техникалар да үздіксіз жұмыс жасайды. Осы орайда айта кететін жайт, бізде сағат сайын ауа райын бақылап, мамандармен сөйлесіп, ғаламтордың болжамын бағамдап отыратын бөлім бар. Соның негізінде жұмысымызды жоспарлаймыз. Мәселен, қар жауатын болса, техникаларды екі мезгіл кезекшілікке қойып, барлық бөлшектерін тексеріп, дайындаймыз. Ал жер тайғақ болады деп күтілсе, ауыр көліктерге тұз, құмды алдын ала тиеп қоямыз.

– Бір сөзіңізде жеке тұрғын үйлермен келісімшарт негізінде жұмыс жасайтындықтарыңызды айттыңыз. Бұл туралы тұрғындардың бірі білсе, бірі хабарсыз болуы мүмкін. Бұл қызмет түрін тарқатып айтып берсеңіз.

– Қазіргі таңда 456 көпқабатты және 632 жеке сектордағы тұрғын үймен келісімшарт негізінде жұмыс жасап жатырмыз. Бұл қызметті кез келген үй пайдалана алады. Алайда, оған көпшілігі құлықсыздық танытып отыр. Тіпті қоқысты бір мезгілде шығаруға дағдыланбай отырғандар да бар. Біз мамандармен қаладағы бір көшеге тәжірибе жүргізіп көрдік. Арнайы хабарлама жасап, қоқыс салынған қалталарын таңғы сағат сегізге дейін шығарып қоюға шақырдық. Бірақ онымыздан түк шықпады. Кейбір көшелерде қоқыс үздіксіз тәулік бойы жинала береді. Осы арада бөле-жара айтарымыз бізге бөлінетін қаржы тек қаланың санитарлық жағдайы мен абаттандыру жұмыстарына қаралған. Сондықтан айналасын таза ұстау, жеке үйінен шыққан қоқысты бей-берекет тастамау әр тұрғынның өзіне жүктелген міндет. Ендеше, туған қаласының тазалығына әр адам жауапкершілікпен қараса деген тілек бар.

Сұхбаттасқан
Мөлдір ҚОЖАХМЕТОВА.

ЖҮРЕКТЕРГЕ ИМАН НҰРЫН ТАРАТҚАН

Кейбір адамдардың өзі өмірден өтсе де, есімдері тірілердің есінде еріксіз сақталып қалады. Құр сақталып қана қоймай, санасына сәулелі шуақ түсіріп тұрады. Кейінгі ұрпақ олардың тірлігінде жасаған игілікті істерін, Алла берген ерекше қасиеттерін жадында жиі жаңғыртып, өнегемен өрілген өмірлерін үлгі етіп отырады.

Есімі елімізге белгілі ағамыз Ыдырыс Ақмырзаев та осындай тұлғаладың сапынан өз орнын еншілеген.

Ақмырзаев Ыдырыс Шаймаганбетұлы 1912 жылы Жалағаш ауданы, Жаңаталап ауылында дүниеге келген. Дін жолын ұстанып, ел арасының бірлігіне ұйытқы болған теңіздей ілім иесі Шаймағанбет ахун немересінің де діни білім алып, нағыз мұсылман болып қалыптасып шығуын қалап, Бұқара қаласындағы арнайы діни медресеге береді. Ахунның шаңырағында дүниеге келіп, ес кіргеннен Хақты танып өскен жас бала медреседегі ұстаздарынан терең білім алады. Сол кездегі ең жоғары оқу орындарының бірі саналатын Бұқарадағы Көкілташ медресесінен бала шәкірт тек діни білім алып қана қоймай, жаратылыстану ғылымын да терең меңгеріп шығады. Аталған оқу орнын аяқтаған Ыдырыс Ақмырзаев Ташкент қаласындағы Орта Азия университетінде білімін жалғастырады. Білім іздеп кеткен баласының тілеуін елде тілеп қалған әкесі Ақмырзаға да Алла ерекше қасиет дарытқан.

Бойындағы дегдарлық арғы аталарынан жалғасып келе жатқан әкесі жастайынан ұлының құлағына жеке ұлттың ғана емес, адамзат баласының болашағына қызмет қылғанда ғана Алланың сүйікті құлына айналып, адамзаттың алғысын арқалап, абыройға кенелетінін құйып өсіреді. Қасиетті құран Кәрімнің шарапатымен болашағы нұрланған Ыдырыс Ақмырзаев отызыншы жылдардың аяғында Шымкент облысы, Қаратау ауданында ағартушылық қызмет атқарады. Ұстаздық етіп, шәкірт тәрбиелеп жүргенде екінші дүниежүзілік соғыстың оты тұтанады. Қасиетті құран шарифте: «Ана дүниеде екі көз сақталады. Бірі – шекараны күзеткен көз, екіншісі – өз күнәсіне өкініп, оңашада жылаған көз» деп айтылады. Отанын қорғауды, ел шебін жаудан азат етуді азаматтық борышым деп білген Ыдырыс Ақмырзаев Алматы қаласындағы арнайы әскери оқужаттығудың қысқа мерзімді курсынан дайындықтан өткен соң кіші лейтенант шенімен майданға аттанады. Неміс басқыншыларына кең-байтақ Отанының, туған жерінің бір сүйемін де бермеуге ант ішкен жауынгер бірнеше мәрте кескілескен ұрыстарға кіріп, ерлік көрсетеді. Жау оғынан жасқанбай, жаралы жолбарысша қарсы қайрат көрсеткен Ыдырыс Ақмырзаев «Қызыл жұлдыз», «І дәрежелі Отан соғысы» ордендерімен, «Ерлігі үшін», «Будапештті алғаны үшін» және кейін Жеңістің мерекелік медальдарымен марапатталады. Жеңіс туы желбіреген соң елге келіп, бейбіт күннің қызу майданына білек түре кіріседі.

Алпысыншы жылдары Қызылқұмнан жаңадан құрылған Аққыр қаракөл-қой совхозында еңбекке араласып, ауыл мектебінде ұзақ жылдар ұстаздық қызмет атқарды. Еліміз егемендік алып, ата дінімізбен қайта қауышқан тоқсаныншы жылдардың басында Ыдырыс Ақмырзаев ел ағаш облыс орталығынан ашылған Айтбай мешітінің бас имамы болып, құдайсыз қоғамның қыспағында өмір сүрген халықтың жүрегіне иман нұрын таратты. Табиғаты дегдар жаратылған асыл ағa, ардагер ағартушы, соғыс және еңбек ардагері 2005 жылы тоқсан үш жасында дүниеден озды. Елі үшін қан мен тер төккен ардагер ағаның есімі ұрпағының жадында сақталып, оның өнегелі өмір жолдарымен кейінгі буын жарқын келешегін айқындады. Тұтас ғұмырын еліне арнаған абзал жанның жарқын бейнесі ұмытылмақ емес.

Жуырда Аққыр ауылының тұрғындары тарапынан Ыдырыс Ақмырзаевтың атына көше беру туралы берілген ұсынысы облыстық ономастикалық комиссиядан қолдау тапты. Ыдырыс ағаның ұрпақтары ел ағасына айналған абыздың аруағына арнап ас беріп, рухына тағзым жасады.

Қуат АХЕТОВ.
Жалағаш ауданы.

ХАЛҚЫНА ҚАЛТҚЫСЫЗ ҚЫЗМЕТ ЕТКЕН

***

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Студенттер сарайында мемлекет және қоғам қайраткері Еркін Әуелбековтің 85 жылдығына орай танымдық конференция өтті.

Конференция жұмысына Е.Әуелбековтің жары Күлше Оспанқызы, жоғары және арнаулы оқу орындарының ғалым-ұстаздары, облыстың зиялы қауым өкілдері, жастар қатысты. Студенттер сарайының фойесіне облыстық мемлекеттік мұрағат қорындағы Еркін Әуелбековтің жеке тектік құжаттары қойылған көрме орналасқан. Көрмеде Арал теңізінің тартылуына орай көмек сұраған, облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету туралы хаттар, аймақтың экономикалық дамуына серпін берген қаулылар, қайраткер туралы әр жылдары баспасөзде жарияланған мақалалар бар.

Шараны облыстық мәслихат хатшысы Ақмарал Әлназарова жүргізді. Облыс әкімінің орынбасары Рауан Кенжеханұлы тұлғаның еңбек жолы мен өмірлік принциптері туралы тағылымды баяндама жасады. Қайраткердің қызметке келген күрделі әрі қайшылыққа толы кезеңі, Арал өңіріндегі халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған қадамдары, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс салаларындағы айшықты еңбектері жайында толымды ақпараттар ұсынды.

Танымдық конференция барысында Е.Әуелбеков жайлы деректі фильм көрсетілді. Мемлекет және қоғам қайраткері Виталий Брынкин Еркін Нұржанұлының тұлғалық қасиеттері, сенатор Мұрат Бақтиярұлы талапшылдығы туралы айтты. Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сейілбек Шауханов, ақын Серік Тұрғынбеков, күйші-сазгер Жұмағали Өмірбеков қайраткердің өмірі мен қызметі, іскерлік, ұйымдастырушылық, басқарушылық ерекшеліктері туралы естеліктермен бөлісті. Е.Әуелбековке еңбектегі ерен ерлігі үшін Социалистік Еңбек Ері атағы берілген. Ол Қызылорда облысын басқарған жылдары аграрлы өңірдің өнеркәсіп өлкесіне айналуына үлкен еңбек сіңірді. Сондай-ақ, Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық қайта құру жұмыстарының қарқынды жүруіне үлкен үлес қосты.

Конференцияда сөз алғандар Е.Әуелбековтің ел есінде сақталған ерекше қасиеттеріне жан-жақты тоқталып, тұлғаның есімін халық жадында қалдыру үшін атқарылып жатқан игі істерге ризашылық білдірді.

Жұмағүл ОРАЛБАЕВА,
М.МИРАС.

1-бет

● БОЛАШАҒЫ БІРТҰТАС ЕЛ

МЕН ҚАЗАҚ ҚЫЗЫМЫН ДЕП МАҚТАНАМЫН

Кристина Тигай ұлты кәріс болғанымен, жаны қазақ. Жалағаш ауданының тумасы. Сондағы №31 орта мектебінде оқыған. Қазір Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжінің 3-курс студенті. Өзінің нағыз қазақ қызы екендігін мақтан тұтатын Кристина он саусағынан өнер тамған шебер. Мектеп қабырғасында жүріп, қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, озат оқушы да атанған. Оған ата-анасы үнемі қазақ бауырларына деген құрметін аямау керектігін айтып өсіріпті.

«Қазақ тілін қалай үйрендің?» деген сұрағымызға: – Достарым да, көршілерім де қазақтар болды. Менің ата-анам кәріс ұлтынан. Бірақ отбасында қазақша сөйлесеміз. Салт-дәстүрді де ұстанамыз. Анам мектепте мұғалім. Ал әкем аудандық мәдениет үйінің қызметкері. Маған өнер әкем арқылы дарыды десем болады. Кішкентайымнан музыкалық аспаптарда ойнауға әуестігім артып, әнге құмар болып өстім. Содан 9-сыныпты бітіріп, осы музыкалық колледжге түстім, – дейді Кристина.

Енді өнерлі жастың біршама жетістіктеріне тоқталып өтсек. Биылғы жылдың ақпан айында Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күніне орай этно-мәдени бірлестіктері көркемөнерпаздарының қатысуымен Астана қаласында «Менің Қазақстаным» атты республикалық музыкалық фестиваль өткені белгілі. Осы фестивальда Кристина Н.Тілендиевтің «Аққу» күйін орындап, көрермен қошеметіне бөленді. Сонымен қатар Астана қаласында өткен республикалық XI ұлттық жастар Дельфийлік ойындарында ол примадомбыра номинациясы бойынша күміс медаль иегері атанып, ел мерейін үстем етті. Ұстаздары Кристинаның алдағы талай додаларда топ жаратынына сенім артып отыр.

Ол болашақта өнер саласында қызмет еткісі келеді. Алдағы уақытта Құрманғазы атындағы консерваторияда оқысам деген арманы бар.

– Мен қазақ елінде өмір сүріп жатқанымды мақтан тұтамын. Сан ұлттың татулығы мен бірлігін жарастырып, мейірімділік пен ынтымақтастықтың арқасында бейбіт өмір сүріп келеміз. Жүзі басқа болса да, жүрегі бір, тілі басқа болса да, тілегі бір ұлт өкілдері тату-тәтті тіршілік етуде. Әсіресе, өзге өңірлерге жарысқа барғанымда қазақша сөйлеп тұрғанымды көріп, таңғалып жатады. Және де ана тілде сөйлегенім үшін олар мені құрметтейді. Сондай-ақ, маған қазақтың жыр, термелері мен күйлері қатты ұнайды. Өзіме ұнаған белгілі күй термелерді прима домбырада еркін ойнаймын, – дейді өнерлі қыз.

Иә, Кристинаның талабы зор. Оның алдына қойған мақсатына жететініне сенеміз. Өйткені оның бойында қазақ қызына тән қайсарлық бар.

Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.

ӘЙЕЛДЕР МӘСЕЛЕСІ ӘР КЕЗДЕ МАҢЫЗДЫ

Бүгінде «Нұр Отан» партиясы сайлауалды тұғырнамасының 13 бағыты бойынша 12 сарапшы топ жұмыс жасап келеді. Соның бірі «Әйелдерді қолдауға» негізделген. Жуырда осы мақсатта бас қосқан сарапшы топ өкілдері әйелдер жасайтын және оларға қарсы жасалатын қылмысты жиынға арқау етіп, себеп-салдарын анықтау мақсатында тереңіне үңілді. Алғаш болып сөз алған топ жетекшісі облыстық мәслихат депутаты Райкүл Байназарова қай салада болмасын гендерлік теңдікке қол жеткізу мақсатында белсенді жұмыстар жасалып жатқандығын және бұл саясатқа Елбасының өзі терең мән беріп отырғандығын тілге тиек етті. Осы негізде елімізде 1998 жылдан бері отбасы және әйелдер істері жөніндегі Ұлттық комиссия жұмыс жасап келеді. Осылайша өрбіген жиында одан әрі қыздардың бойында ұлттық тәрбиені қалыптастырудың жолдары сөз болды. Бір өкініштісі, соңғы уақытта ғаламтор желісі бір-бірімен жаға жыртысып, тепкінің астына алып жатқан бойжеткендердің айқай-шуына толып кетті. Бұның өзі тәрбиенің осалдығының көрінісі болар. Ал әйелдерге қарсы жасалатын қылмыс биыл былтырғымен салыстырғанда 68,1 пайызға төмендеген. Алайда, құқық қорғаушылардың айтуынша, нәзік жандылар арасында алаяқтық пен ұрлық деректері артқан. Осы орайда, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің профессоры Меруерт Аңсатова:

– Алаяқтықпен айналысатын әйелдердің 70 пайызын жоғары оқу орнын бітіргендер құрайды екен. Сондай-ақ, 16 пайызының жеке кәсібі бар. Яғни оларды ақылы арсыздыққа апарып отыр деген сөз. Ал еліміздегі әйелдерге арналған 6 түрмеде 4 мыңнан аса сотталушы бар. Олардың жартысы 30-40 жас шамасында. Бір өкініштісі, Орта Азия елдері ішінен Қазақстан бұл тұрғыда бірінші орында тұр. Ал қорқыныштысы, темір тордың ар жағында отырып ана атаның, бала тәрбиелеп отырғандар бар, – деді.

Сарапшы топ өкілдері жиын соңында жастармен жұмысты жоғары оқу орнынан емес, мектеп табалдырығынан бастап, білім ошақтарындағы «Қыздар сағатын» қайта жандандыру керек деген ұсыныстарын да жеткізді. Мәселені шешудің өзге де жолдары ортаға салынды.

М.ТОҚТАСЫНҚЫЗЫ.

САПТА ЖАҢА САРБАЗДАР

Қызылорда қаласындағы Қобыланды батыр ескерткіші жанында сарбаздарды әскерге шығарып салу жиыны болып өтті. Бұл жолы Шығыс Қазақстан облысына 50 азамат Отан алдындағы борышын өтеуге аттанды. Шараға «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының саяси жұмыстар бөлімінің меңгерушісі Алтынбек Жарылқасынов, облыстық қорғаныс істері жөніндегі департаменті бастығының орынбасары, подполковник Мұхарбек Махамбет, облыстық «Ауған соғысы ардагерлері мен мүгедектерінің кеңесі» қоғамдық бірлестігінің мүшесі Серік Тәшімбет, журналист, еңбек ардагері Өтеген Жаппархан және 27943 әскери бөлімі 1 мотоатқыштар батальонының командирі, майор Бауыржан Есалы, сарбаздар мен ата-аналар қатысты. Жиын барысында подполковник Мұхарбек Жәкейұлы еліміздің ертеңгі болашағы саналатын жастарымыздың ел тыныштығын күзету басты міндеттері екенін атай келе, оларға сәт сапар тіледі. Ал, ата-аналар атынан Эльмира Құрмаңғазиева сап түзеген сарбаздарға Отан алдындағы азаматтық борыштарын абыройлы атқарып келулеріне тілектестік білдірді. Сонымен қатар жиынға қатысқан қонақтардың бәрі де жас сарбаздарға жылы лебіздерін арнап, ел үмітін ақтауға сенім білдірді.

Шара соңында облыстық «Ардагерлер үйінің» арнайы дайындаған ашық хатын еңбек ардагері Өтеген Жаппархан оқып, сарбаздарға табыстады. Және де өзінің ізгі тілегі мен ақ батасын берді.

С.АДАЙБАЕВА.

КӘСІПКЕР ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛДЫ

Облыстық кәсіпкерлер палатасының сарапшылары алматылық кәсіпкердің құқығын қорғап қалды.

Өткен жылдың қараша айында «Қызылординажылуэлектроталығы» МКК мен алматылық ЖК «Азия Қанаты» арасында жалпы құны 148 000 теңге тұратын 40 дана балықшы етігін алуға келісімшарт жасалған болатын.

Келісімшартқа сай ЖК «Азия Қанаты» 2014 жылдың 14 қарашасына дейін тапсырыс берушінің алдындағы міндеттемесін толықтай орындап шығады. Алайда «Қызылординажылуэлектроталығы» МКК тарапынан көрсетілген қызметтің ақысы төленбеген. Кәсіпкердің өтінішіне сәйкес Алматы қаласының кәсіпкерлер палатасы қызылордалық әріптестерінен көмек сұраған болатын. Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы сарапшыларының «Қызылординажылуэлектроталығы» МКК басшысымен жүргізген келіссөздердің нәтижесінде кәсіпкерге көрсетілген қызметінің ақысы толықтай төленді.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ.

● ТӘЛІМГЕРЛЕРДІҢ ОБЛЫСТЫҚ II КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

"ЖАС ҰЛАННЫҢ" ЖАРҚЫН БОЛАШАҒЫ

Республика бойынша алғаш рет Сыр өңірінде құрылған облыстық "Жас ұлан" ұйымы бұл күндері өз құрамына 65 мыңдай жас өренді біріктіріп отыр. Ұйымның құрылуымен бірге мектеп оқушыларының өміріне көптеген өзгеріс пен жаңалық енгені де рас. Жақсы істердің басында әркез тәлімгерлердің жүргені тағы шындық. Тәлімгерін өзіне үлгі тұтқан талай өрен айтарлықтай табысқа қол жеткізді. Жуырда оқушылар сарайының мәжіліс залында өткен "Болашақты жобалау – табысты жобалау" атты тәлімгерлердің облыстық II конференциясы осылай өткенін саралап, болашаққа болжам жасады.

Конференция жұмысын қысқаша құттықтау сөзбен ашқан облыстық білім басқармасы оқу-әдістемелік орталығының директоры Сырым Асқаров Сыр бойы тәлімгерлерінің атқарған қызметтері мен алдағы міндеттеріне тоқталды. Ал облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Еркебұлан Меңлібаев жасөспірімдер арасындағы тәрбие жұмысының сапасын арттыру, тәлімгерлердің шығармашылық қабілетін жетілдіру барысында ой қозғады.

Жиында өзара пікір алысқан "Жас ұлан" ұйымының тәлімгерлер тобы өздерінің атқарған істеріне, қол жеткізген табыстарына, алдағы міндеттеріне тоқталды. Өздеріндегі жақсы істерді жария етті, өзгелердің жаңалығын үлгі тұтты.

Конференция барысында биік белестен көріне білген тәлімгерлер марапатталып, оларды үлгі тұтқан жасұландықтардың өнері тамашаланды.

Жұмагүл БАЛАБАЙҚЫЗЫ.

ОБЛЫС ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2015 жылдың 1 қарашасында ауылшаруашылық өнімдерінің жәрмеңкесі өткізіледі. Қызылорда қаласының жәрмеңкесі – Астана даңғылының бойында (Е.Көшербаев көшесінің қиылысы мен Жеңіс көшесінің аралығы) және Сырдария ауданының жәрмеңкесі Жанқожа батыр көшесінің бойында (Реалбаза алдында) өтеді.

БАЯНДЫ БАҚЫТ ИЕЛЕРІ

Өткен ғасырдың алпысыншы-тоқсаныншы жылдарында қара жердің қамы, елдің ырзық-несібесі – нан үшін, шаруашылықтың қай саласына салсаң да бесаспап икемділігімен, жұртты жұмылтар жетекшілігімен, барлық талапқа сай қарым-қабілетімен ауылдың тірегі, ауыл шаруашылығының ірі ұйымдастырушылары бола білген Алдаберген Бисенов, Цай Ден Хак, Ернназар Сексенбаев, Жаңабай Азаматов, Өмірзақ Тұңғышбаев, Ұзақ Еспанов сынды ағалар өтті. Қазақ даласының қорғаны болған батырларға арналған – «Ертеңнен салса кешке озған, Ылдидан салса төске озған» деп айтылатын теңеу сөзді, жоғарыда аттары аталған марқұмдардың бейбіт күнгі еңбек майданындағы ерліктеріне, олардың көшбасшылық болмыстарына қарата айтсам орынды сияқты. Олардың есімдері ел есінде болатыны ол кісілерге бақ пен береке байлық пен билік жолымен емес, еңбек жолымен келген-ді. Алла тағала Үзекең әулетінің несібесін молынан бұйыртқан, өзі дүйім жұрттың ырзық-несібелерін молайту жолында тер төккен, елдің елдігінің ұйытқысы бола білген азамат, «Құдай берген абыройын қайтып алмаса екен», деген тілекті Үзекең жиі айтатын.

– «Жақсыдан – шарапат» дегендей, талай жақсылар мен жайсаңдардың шарапатын көрдім, – деп отыратын Үзекең бір әңгімесінде. – 1937 жыл. Менің он жастағы кезім. Ел азаматтарының басына қара бұлт үйіріліп, шетінен ұсталып, айдалып кетіп жатқан зұлмат кезең. Темірбек Жүргеновтің әкесі Қара тұтқындалған. Адам бір-біріне сенуден қалған елдің ішін үрей билеген уақыт болатын. Немере туысқаным Шайым Мырзабековтен әкеме, ертең ұстап әкетеді, деген суық хабар жетті. Содан бір түнде қашып, Жаңадария бойындағы Байлаукөл деген жердегі қалың сексеуілдің арасына тоқтадық. Құм басып қалған Құмжарған құдығын Ақылбек деген азаматпен аршыдық. Мен түбінде топырақ салып беріп тұрдым, Ақылбек тартып алып тұрды. Құдық түбінен аузына дейін сексеуілмен шегенделген екен. Елсіз, қалың сексеуілдің арасында әкем, анам және мен төрт жыл тұрып ауылға 1941-жылы оралдық. Шайым аға ескертпегенде кейінгі тағдырымыз қалай боларын кім білген. Ой, дүние-ай! Баласы әкесін ұстатып жатқан кезеңде Шәкең мен Ақылбек біздің отбасымызға жанашырлық таныту арқылы басын қатерге тіккен ғой. Осы әрекеттері жария болса итжеккенге айдалып немесе атылып кетуі де мүмкін еді. Әкем осы оқиғаны жиі еске алып, сан мәрте рахметін жаудырып отыратын.

– Өзіңіз педагогсыз, ауыл шаруашылығына қалай келдіңіз? – деп сұрадым бірде Үзекеңнен.

– Жастайымнан дастандар мен қиссаларды жаттап өстім, домбыраға, жырға құмар болдым. «Ата балаға сыншы» деген ғой. «Киелі өнерді алып жүру үшін ұстамдылық, бармақтай бақты басып тұрар батпандай салмақ керек. Жыраулық саған қол емес. Мінезің жеңіл. Тоқтат!» деген әкемнің үзілді-кесілді талабы болашағымның, тіпті өмірімнің өзгеруіне себеп болды. Ұстаздық қызметімде де жолым болды, бағым жанды. Екі жылда мектеп директоры, содан кейін он жыл аудандық халық ағарту бөлімінің басшысы болып қызмет атқардым. Аудандық партия комитетінде алғашында инспектор, кейін ауылшаруашылық бөлімінде меңгеруші болып жүргенмін. Ауылшаруашылық мамандарының жетіспейтін уақыты, аудандық партия комитетіндегі қызметімнен танылған болуым керек, «Қазақстанның XX жылдығы» колхозына басқарма басшысы етіп жіберді. Содан әрі қарай жалғасып кете берді, – деп ауыл шаруашылығы саласындағы еңбек жолының бастауынан мағлұмат берген-ді. Үзекең өмірдеректерін айтқанда қай күні, қай айда, қай жылы қандай бұйрықпен, қай өкілетті органның қаулысымен қай мекемеге немесе шаруашылыққа жіберілгенін дәлме-дәл айтатынымен адамды таң қалдыратын.

Педагогикалық білім алып, ұстаздық етіп, біршама уақытта мектеп директоры, аудандық білім бөлімінің басшысы, алғашында шағын шаруашылық жетекшісі, кейін бірнеше ірі кеңшар директоры қызметтерін абыроймен атқаруы Үзекеңнің қайбір сала болмасын оның қыры мен сырын, ұғғылы мен шұңғылын түбіне жете зерттеп, жұмысты дөңгелентіп әкететін ірі қайраткер екендігінің дәлелі. Кеңес дәуірінде бір шаруашылықты өрге сүйреген басшыны шаруасының қыры кетіп үнемі артта қалып жүрген немесе аса ірі ауқымды екінің біріне сеніп тапсыруға болмайтын келесі шаруашылыққа жіберу үрдісі қалыптасқан болатын. Аудан мен облыс басшылығының ұйғарымымен Жалағаш ауданының «Қазақстанның 20 жылдығы», «Жамбыл» атындағы колхоз төрағасы қызметтерінде тәжірибе жинақтағаннан кейін осы ретпен Ұзақ Еспановты «Мәдениет», «Қазақстанның Ленин комсомолы» кеңшарларына директор етіп жіберген. Кеңшардың директорлық қызметіне үміткер Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің келісімімен тағайындалады. Олай болатыны ол – үлкен, ауқымды жауапты лауазым. Кеңшар директоры егінді, мал шаруашылығын жетік біліп, ұйымдастыруға қоса, құрылысты, машина-трактор паркіндегі техника тілін білуі қажет. Бір мыңға жуық отбасы мекен еткен ауылдың бүкіл тыныс-тіршілігі, саяси-әлеуметтік және мәдени-көпшілік жағдайларына жауапты да директор. Аталған кеңшарлар Еспанов Ұзақ ағаның басшылығымен бір маусымда 100.000 центнерден астам күріш өндіруші шаруашылық дәрежесіне жетіп, республика шаруашылықтарының көшбасшысы ретінде Мәскеудегі Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің үш алтын, үш күміс медальдарымен марапатталған. Сенім артқан басшылар Үзекең жетекшілік еткен ұжым еңбегінің жеңісіне куә болды, ел-жұрт жемісін жеді. 1973 жылы Социалистік Еңбек Ері деген ең жоғары атаққа ие болды.

Үзекең бір әңгімесінде: – 1949 жыл. Студент кезім. Қызылордаға бір ағайынның үйіне Кеңес Одағының Батыры Тәйімбет Көмекбаев келіп қонып жатыр деп естідім. Ол кісінің майдандағы ерлігі жайлы әртүрлі аңызға бергісіз әңгімелер гүілдеп тұрған кез. Арнайы сәлем беруге бардым. Сәлемдескеннен кейін Тәкең: – Кімнің баласысың? – деп сұрады. Мен, Еспанның баласымын деп жауап бердім. Тәкең: – Өй, бар болғыр! Бар бол! – деп жағымнан тартып жіберді. Батырдың қолы қарулы екен, бетімді дуылдатып жіберді. Еңбегім де еленіп жатқан шығар, дегенмен, Тәйімбет батырдың жағымнан шапалақпен тартуы еңбекте бағымның жануына, талай биік мінбелерден дүйім жұрттың ду қол шапалақтаған қошеметіне бөленуіме әсер еткен болар, – деген еді жүзі нұрланып. – 2006 жылы екінші рет қолқадан қан кетіп айға жуық облыс емханасында ем-дом жасалғанымен шипа болмады. Менің жағдайымның ауыр екендігін естіп, Қожахмет Баймаханов келді. Сұрастырып, зерттеп өзінің бауыры, Сызғанов институтының сол кездегі директоры Болат Баймахановқа телефон шалып Алматыдан арнайы дәрігер алдыртып, айрықша ем жасатты. Айығып қайтадан қатарға қосылдым.

Ер азаматтың даңқын асқақтатар әйелдер болады. Иә, Үзекең ағамыздың шыққан биігіне, қол жеткен атақ-даңқына, ел-жұрт алдындағы азаматтық және отбасылық абыройына құдай қосқан қосағы Дәмеш Әйтпенбетқызы апамыз да ортақ. Дәмеш апаны көрген, білген, тұздасдәмдес болған әрбір жан ол кісінің мәдениеті мен әдебіне, ішкі жан сұлулығына сүйісінбей тұра алмайды.

Үзекең істің, түздің адамы. Мәскеу, Алматы, Қызылорда қалаларында іссапарда жүреді. Ер адамның артынан қаңқу сөз, өсекаяң ермей жүрмейді. Ауыл адамдарының от шығарар ашу, тіпті ерлі-зайыптының ажырасып тындырар әзілдеріне де Дәмеш апай мән берген емес. Қонақ күтуі айрықша, тағам дайындағандағы ықыласынан болар дастархандағы ас-дәмі ерекше дәмді. Бірде Жалағаш ауданы партия комитетінің бірінші хатшысы, қоғам және мемлекет қайраткері Қазантаев Қонекең Үзекең үйіне қоңырау шалыпты. – Үйде Үзекең жоқ, Дәмеш апай бар дегенде, – бізге Ұзақтың керегі жоқ. Дәмеш болса болды, деген екен. Күндіз келген қырық кісіні, түнде келген қырық кісіні қабақ шытпай қабылдап, жайғай беретіндігімен екі ғасырдан астам уақыт бойы ел есінде жүрген әйгілі би, һәм батыр Сырым Датұлының анасындай болғандығынан шығар Қонекең мен Бағжан апалардың Дәмеш апаның дастарханына ықылас танытып жаңағы сөзді айтып тұрғаны.

Ұзақ аға мен Дәмеш апа Мейрамбек, Манарбек, Жанарбек, Каналбек, Айдос есімді бес ұл мен Баян, Бақыт, Зәуреш есімді үш қызды дүниеге келтіріп, тәрбиелеп өсіріп, немерелер мен шөберелерінің қызықтарына бөленіп бақытты, сәулелі ғұмыр кешті. Өмірінің соңғы жылдары ауру жеңіп, күн сайын дәрігерлік көмекке жүгіну қажеттігінен облыс орталығына көшіп келуді қолайлады. Сол кездегі аймақ басшысы Болатбек Қуандықов Қызылордадан жайлы пәтер бергізді. Қызы Бақыт үнемі жанында болып, үйдегі күтімдері, ауруханаға түскендегі жағдайларының барлығына бәйек болып, жан-жаққа хабарлап, көмек қолын созатын ағайын-туыстарды жұмылдырып зыр жүгіргеніне куә болдық. Ата-ана алдындағы перзенттік парыздың өтеуі осындай-ақ болар деп ой түйдік.

